

"Инвестициялық компания: Қазақстанның Инвестициялық Қоры", "Қазақстанның Даму Банкі", "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 68 қаулысы

Мемлекеттік даму институттарының жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Инвестициялық компания: Қазақстанның Инвестициялық Қоры", "Қазақстанның Даму Банкі", "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамдары (бұдан әрі - Қоғамдар) акцияларының мемлекеттік пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне беру жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен бірлесіп осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 қаңтардағы

N 68 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 217-5 жол алынып тасталсын;
"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне
" деген б ө л і м д е :

реттік нөмірлері 268, 268-1 жолдар алынып тасталсын;
"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім
мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 237-15, 237-16, 237-17 жолдармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"237-15 "Инвестициялық компания: Қазақстанның Инвестициялық Қоры" АҚ;
237-16 "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ;
237-17 "Ұлттық инновациялық қор" АҚ".
2 . < * >

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119
қ а у л ы с ы м е н .*

3 . < * >

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237
қ а у л ы с ы м е н .*

4. "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015
жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған
іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы
17 шілдедегі N 712-1 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N
3 0 , 2 9 0 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының
Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын
іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

2.1.5-тармақтың "Орындауға жауаптылар" деген бағанындағы "ҚарМ" деген сөз
алынып тасталсын.